

болмаса да, шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, өз ағаттықтарын түсіне бастады», - деген Міржақып Дулатұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың маңдайына біткен текті тұлға. Оның елі үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Білімнің бастауы, тура жолға бағытталуы ұлт зиялысының қаншама төккен тері мен еңбегінің нәтижесі. Бүгінде оның қалдырып кеткен мол мұрасы, әлі күнге азық болып келеді.

«Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны- “Қырық мысал” , “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер - білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақта, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.», деп Мұхтар Әуезов айтқандай, Алаштың апталдай азаматы, аққан жұлдыздай жарқ етіп халқына үміт сыйлаған, жанын беріп қызмет қылған жанның ерен еңбегін елі ұмытпайды, ұлықтайды!

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Сыздықова, Рәбиға. Ахмет Байтұрсынов [Мәтін] / Р. Сыздықова ; Қазақ ССР "Білім" қоғамы. - Алматы : Қазақ ССР "Білім" қоғамы, 1990. - 49, [3] б.
2. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. Алматы: «Ел - шежіре», - 2013. – 384 бет.
3. Алаш көсем сөзі: тіл мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014.
4. Оспанұлы Серікбай, Ахмет өскен ақындық орта. Көмекші оқу құралы. – Қостанай:Шапақ, 2004. – 204 бет.
5. Байтұрсынов А. Қазақша оқу жайынан //Қазақ, 16 май, №14, 1913.Б.3.

### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ РУХЫН ОЯТҚАН – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

*Әлтай А.Е.*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

*«№4 Қаракеңгір жалпы білім беретін мектебі» КММ*

*Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қазақстан*

Жаңа заман талабына сай ақтаңдақтардың бет пердесін ашып зерделеу өте маңызды. Соның бірі «тұңғыш», «алғашқы», «негізін салушы» деген ұғымдармен сипатталатын қазақ зиялысы, еліне елеулі үлес қосқан жан - Ахмет Байтұрсынұлы. Ол өз ғасырында қоғамдық сананы, ұлт-азаттық ой-пікірлерді күшейтіп, ұлттық рухтың оянуына түрткі болды. Ғасыр басында қазақ ұлтының атынан патша үкіметіне хұзырхат жолдап, өзінің азаттық ой-пікірлерін жалпыұлттық санаға айналдыру жолында қызмет етті. Отарлық езгінің қайнауында болған Ахмет Байтұрсынұлының ой-пікірлері мен ұстанымдарының басты бағыты - ұлт-азаттық мағынада болуы заңды құбылыс

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ағартушы-педагог, сөз зергері, ақын, қазақтың баспасөз тілінің ұлттық үлгісін танытқан публицист, туған халқының рухани дүниесін биіктетуге көп күш салған ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде Шошақ ұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылдың 18 қаңтарында дүниеге келген.

Табиғатынан аса дарынды Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінде сауат ашады. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша-қазақша училищиде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып білім алады. 1895 жылдан бастап Ақтөбе, Қарқаралы атырабында мұғалім болып қызмет атқарады. Сол жылдары А.Байтұрсынұлы Қостанайдан Омбыға барып, Қазақ халқының тарихын, этнографиясын,

тілін зерттеуші А. Е. Алекторовпен танысады. М. Әуезовтың айтуына қарағанда, оның бұл танысуы қазақ халқын оқу білімге тарту жөніндегі түпкі ниет-пиғылды жақын білуге көмектеседі, нәтижеде өзінің бұл мәселедегі көзқарасы мен мақсатын айқындай түседі [1.4].

Ахмет – ең алдымен ағартушы ұстаз. Өз дәуіріндегі ұлттың рухани ұстазы болған деп ұғынамыз. Ахметтің бойында ғалымдық, ұстаздық, қаламгерлік сияқты қасиеттері тоғысып, идеясы мен жаңалықтары бүгінгі таңда санмыңдаған ұрпақтың қажетіне жарап отыр. «Ұлт ұстазы» аталып, қазақ қоғамы мен мәдениетінің ілгерілей дамуына орасан зор үлес қосып, қазақ балаларының ана тіліне сауат ашуы үшін көп еңбек сіңірген қайраткер екенін айтып өтпеске болмас. Оның «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласынан анық аңғаруға болады: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз қарек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі», - деп жазып, оқудың қоғамды өзгертуші күш екендігін, әділетсіздіктің көбі білімсіздіктен туындап отырғандығын тап басып, дұрыс көрсетеді [4.16]. Қазақ елінің жоғын жоқтап, санасына сәуле құюға байланысты жасап жүрген тың еңбектері ел ішінде тарап, теңдікке шақырған ойлары ашық газет бетіне жария болды. Бұлда Ахметтің бейқам жатқан халқын сауаттандыру, білім мен мәдениетке жетектеуі деп білемін.

Қараңғы қазақтың көгіне күн болып жарқырап шыққан Ахмет туған халқының, ең болмаса әр қазақтың бастауыш білім алуын аңсады. Себебі жауыздық пен надандық атаулының бәрі білімсіздіктен, надандықтан туындап отыр деп ойлады. Бірақ сол кездегі білім беретін ауыл мектебінің хал-күйі оның қабырғасына қатты батты. Сөйтіп өз ойын «Мектеп керектері» деген мақаласында «Ең әуелі, мектепке керегі білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екіншіден – оқыту ісіне керек құралдардың қолайлы, һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді. Құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші – мектепке керегі белгіленген программа», -деп оқытуға қажетті мәселерді ғылыми тұрғыда талдап берді. Ахмет бұнымен шектеліп қалмады. Патша әкімдерінің оқу ағарту ісіндегі саясатында «Қазақты басқа дінге аударамын деу – құр әурешілік. Қазақты дінінен аударуға болмаса, жазуынан да аударуға болмайтын жұмыс» деп, өз пікірін батыл білдірді.

Оқу мәселесіне Ахмет Байтұрсынұлы жан-жақты мән берген оқымысты, ол өзінің бір мақаласында: «Қазақта балаларды оқытатын әсіресе жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» -дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтық білім алатын оқытушылар даярлау керектігін жазады [5]. Сонымен қатар Байтұрсынұлының ағартушылық ой пікірлері «Айқап» және «Қазақ» газетінде «Қазақтың өкпесі» атты мақаласында жарық көрді: «Өзге жұрттар өнер-білім қуғанда, қазақтың хандары да, халқы да ғылым, өнерді керек қылмаған. Ханы надан, халқы надан жұрт мықты мемлекет жанында өз алдына хандық құрып тұра алмайтын болғандықтан, хандарымыз халқыменен Ресейге қосылған», деп тарихи шындықтың бетін ашады.

Ахметтің еңбегі бүгінгі таңда елеусіз қалмады. Әдістемелік еңбектері қазіргі кездің өзінде үлкен беделмен қолданылады. Айта кетсек қазақтың тіл білімі және қазақ тілін оқыту методикасы өзінің сапалылығымен және ана тіліміздің ерекшелігін жинайтын оқулық негізі ретінде мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытыл жүр. Соның бірі мұғалімнің қосымша көмекшісі Ахметтің жазған "Әдебиет танытқыш" атты оқулығы. Көркемсөз өнерінің қисыны әдебиет теориясының негізін тыңнан тұңғыш салған, жүздеген әдеби білімдік терминдерді тұңғыш тілімізге енгізген аса құнды ғылыми еңбегі осы «Әдебиет танытқыш» болды.

Ахметтің ұлт жанашыры болуына тағы да бір дәлел ол, газет бетіне әсіресе тіл мәселесін бірінші орынға қойды қазақ тілін сақтап, әрі қарай дамыту керектігін ол үшін қазақ балалары сауатын ана тілінде ашып, ана тіліндегі оқу керектігін , ұлт мектептеріндегі оқу тәрбие ісін дұрыс жолға қою қажеттігін жиі жазды. Бір басында сан-салалы өнер тоғысқан телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі, қиын да қайшылығы мол

ғұмырында «Қалың елім қазағым» жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген, Мұхтар Әуезовтың сөзімен айтқанда, қазақ халқының «рухани көсемі» болған.

Оның қазақтар үшін өз әліпбиін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауына да өзі де діттеген ағартушылық мақсаты деуге болады.

Бүкіл саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне Ахметтің еңбегі өшпестей болды. Оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» т.б оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. Сонымен бірге араб алфавитін жетілдіру, терминдер туралы ғылыми өресі биік еңбектер жазды.

Өзінің ұстазы Абай салған сара жолмен орыс әдебиетінің мысалшыл классигі И.А.Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петерборда бастырып шығарып, оқулық ретінде ұсынды. Бұл мысалдарды аударудағы басты мақсаты қазақ халқының әлеуметтік өміріне, надандығын, жалқаулығын, алтыбақан алауыздығын әшкерелейтін мысалдарды таңдап, талғап аударған болатын.

Ахметті аудармашы, тамаша ақын, аудармашы есебінде ғана емес көп уақыт бойына Қостанай, Қарқаралы уездерінде педагогикалық қызметте жүргенін айта кеткен жөн. Ол тек ұстаздық етіп қана қоймады, революциялық қызметке араласты.

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылыққа байланысты білдірген ойларымен істеген істері тек оқу білімге шақырумен тынбады, ол қазақ даласындағы мектептердің жайын, бала оқытудың жолдарын әр еңбектерінде нақтылы сөз етеді. Ол 1913-жылы «Қазақ» газетінде «Оқу жайы» деген мақала жариялады.

Бұл мақалада оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал ол шикізаттан жасалған өнімді екі есе қымбатқа сатып алады. Бұл - надандықтан келген кемшілік» - дейді. Надандық деп отырғаны, әрине білім - ғылымнан қапы қалушылық. Ал қалыс қалуға үлкен себеп қазақ жерінде мектептер өте аз дейді. Оның үстіне сол мектептерде мамандардың да өте тапшы екенін ашып айтады.

Ахмет Байтұрсынұлы оқу- білімнің осы бірінші сатысына қатты назар аударады. 1914-жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялайды [3.5]. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай - жағдайлары мәз емес екендігі, оларда қажетті бағдарлама оқу құралдары жоқтығын, мұғалімдердің әрекеттенбейтіндігіне тоқталады. Бастауыш мектеп мисонерлік саясаттан тыс болуы керек деп келіп, халық сауатын ана тілінде ашуы керек, атап айтқанда бастауыш мектеп 5-жылдық болсын, алғашқы үш жылда балалар ана тілінде кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Бастауыш мектептерде оқу жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жаратылыстану пәндері жүретін болсын деп нақтылайды.

Оқу мәселесіне Ахмет Байтұрсынұлы жан-жақты мән берген оқымысты, ол өзінің бір мақаласында: «Қазақта балаларды оқытатын әсіресе жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» - дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтық білім алатын оқытушылар даярлау керектігін жазады [5].

А. Байтұрсынұлы елді сауаттандырудың өз дәрежесінде еместігін қынжыла жазып отырды. «Қазақ» газетіне жарияланған «Оқу жайы» мақаласында өз кезіндегі мектептер ісіне сын көзімен қарай отырып: «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, оқытудың қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ. Оқыту ғылымын үйрететін (педучилище) жоқ,» - деп күйзеледі.

Осыған жалғас ойларды «Қазақша оқу жайында» мақаласында дамыта нақтылай түсіп, автор былай дейді: «Бала оқытуын жақсы білейік деген адам, әуелі балаларға

үйрететін нәрселелерін өзі жақсы білуі керек, екінші баланың табиғатын біліп көңіл сарайын танитын адам болуы керек, оны білуге туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы кіретін жолын білуге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі қалімен хабар аларлық болу керек,» - деп жазады [5].

Айта кетсек, ғалымның «Мектеп керектері» деген мақаласы мектептің айнасы мұғалім қандай болу керектігіне бағытталған. «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, һәм солай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білсе, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы.» - дейді [5]. Осы сынды мақалалар Ахмет Байтұрсынұлында өте көп. Дәл осы сөзді бүгінгі таңның жас педагогтері санаға сіңірсе екен дейміз.

Қарап отырсақ, Ахметтің педагогика, методика, филология салаларында еңбегі зор. Осы жөнінде Сәбит Мұқанов былай дейді: «Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам ол – Ахмет» дейді.

Жалпы Ахметтің әдістемелік еңбектері мұғалімдерімізге таптырмайтын әдістемелік құрал десек артық айтқанымыз емес.

Ахметтің тағы да бір жаңалығы балаларға жылдам хат таныту үшін дыбысты ажырататын жаттықтыру әдіс-тәсілдерін терең қарастырды. Сауаттылықтың негізі жазуға жаттықтыру де қарады. Көркем жазу мен мәнерлеп оқу дегендер жазу ісі мен оқу ісінің жетілдірілген түрі деген қорытынды жасайды.

Ғалымның тіл мен сөйлеу психологиясы жайлы айтқандары аса мәнді. «Тілдің міндеті» деп жазады ол. Ақылдың андауын андығанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Бұл психологиялық жағынан өте пәрменді тұжырым. Өйткені қазақтың қазіргі ұлттық тәрбиесі мықтап ақсап, тіпті батпаққа белшесінен батып жату себебінің бірі осы халықты, әсіресе тәлімгер қауымының ана тілін жоғарады Ахмет айтқандай түлетіп, оның тәрбиелік ықпалын өз дәрежесінде пайдалана алмай жүргендігінде. Расында да, егер тәлімгер атаулының сөзсаптауы шорқақ, ойға саяз, тындауға әсерсіз болса, шәкірт тәрбиесінде берекесіздік туады, сөздің тәрбиелік қадір-қасиеті қашады.

Тағы бір Ахметтің психология ғылымының төңірегінде ой қозғаған терең мәнді, салиқалы пікірлері «Әліппе – таңбалар жұмбағы» атты еңбегі де елеулі орын алады.

Ғұлама ғалымның теңіздей рухани мұрасында осы айтылғандардан басқа да психологиялық мәні терең ой тұжырымдары көптеп кездеседі. Оларды саралап зеттеу, халық игілігіне айналдыру қазақ психологтарының абыройлы міндеті.

Жоғарыдағы келтірілгендердің барлығы Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту жайындағы көзқарастарын байқатады. Ол халқын оқуға, өнер-білімге шақырған, білім-ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші ғана емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, жалпы балаларды оқыту ісін жолға қоюға көп күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған тәжірибелі хан. Сонымен қатар ол оқу-ағарту ісін жолға қою үшін қажет өзге де іс-әрекеттерді қолға алған қайраткер. Бұл іс-әрекеттер қазақ жазуына лайық графика түзу жазу тәртібі-емілені жасау, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін меңгертетін мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне осы орайда А.Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып қана емес, ғалым-ағартушы болыпта көрінеді.

Қорытындылай келе, Ахмет - ұлттың ұлы ұстазы! Алаш ардақтысы - Ахмет жайлы зеттелмеген мұра өте көп. Қазақ елінің ұлт жанды ұлы азаматын ұлықтау бізге артық етпейді. Саналы ғұмыры ұлт мүддесі жолында жалынды күреспен өтті. Оның арман-тілегінің орындалуына қазіргі жас ұрпақ куә. Ол бұл сәтті көре алмаса да, өз ұрпағы сауатты, надан болмайтынына сенді. Қаршадайынан елім деп езіліп, халқым деп қайғы жұтқан Ахмет азап пен тозақтың бәрін басынан кешірді. Өнер-білім, оқу-тәрбие ұрпақтан-

ұрпаққа сақталып, аманат болып жетті. Ахмет мұрасын, мемлекеттік қызметтерін әлі де зеттей түсуіміз қажет. Қазақтарды надандық шырмауынан шығарудың бірден-бір жолы ғылым білімге ұмтылу. Біз тарихымызды таныған, тұлғаларымызды бағалаған дегдар жұрт, естияр халықпыз. Қазақ елінің тәуелсіздік алуы осыған толық мүмкіндік ашты. Ахандар күрескен, сан ұрпақ аңсаған азаттық таңында сол арыстарымызды ардақтау перзенттік борышымыз, азаматтық парызымыз. Қазіргі қоғамда нағыз ұлылар мен данышпандар аз. Сол себепті ұлттың тарихын, мәдениетін танытатын сөз өнерінің ғылыми негізін жасаудағы Ахметтің еңбегі орасан зор. Биіктерге көтеріле беру, сол тереңдікке бойлай беру, сол адамгершілік қасиеттерді толықтыра беру — ақын-жазушының бәріне ортақ арман. Мұның екінші аты, ең дұрыс аты — адам жанындағы, адам рухындағы тереңдік. Ашық күнге қуанып, жаңбырға қарап қамығып, көктемде шалқып, дауылға қарап бұрқанып өмір сүрген қазақ халқының жарық жұлдызы осылайша екінші мәңгілік өмірін бастап кетті.

Бұл ғылыми жұмыс Ахметтану сатысының жаңа белесіне ашылды деуге болады. Ахметтің еңбегі тек қазақ елі үшін ғана емес, әлемдік тіл білімі үшін өте маңызды. Дәл осы тұста мынадай ұсыныс қалдырғым келеді:

1) Алаш ардақтысын республикалық көлемде атап өтсе, ғылыми жобалар арқылы мектеп бітіруші түлектерге, студенттерге Ахмет гранттары бөлінген жөн;

2) Алаш зиялысына арнап Ұлытау облысында мектеп яки Университет ашылған жөн; (Мысалы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жоғары білім беретін мемлекеттік оқу орны, Жезқазған университеті)

3) Ахмет ұрпақтары деген атпен дарынды балаларға арналған мектеп лицейі ашылған жөн;

4) Оқушыларға Ахметтану курстарын ашып, онда алаш зиялыларының шығармалары мен тарихы тереңдетіліп оқытылғаны жөн;

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Әуезов М, Аханның елу жылдық тойы
2. Сейфуллин С, Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды.
3. М.Әуезов Аханның елу жылдық тойы. «Ақжол». 1923.
4. А. Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы»
5. А. Байтұрсынұлы Бастауыш мектеп. «Қазақ». 1914.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ПЕДАГОГ-АҒАРТУШЫ**

*Кошкимбаева А.*

*Тарих пәнінің мұғалімі*

*Н.Киікбаев мектеп-гимназиясы*

*Сарыкемер ауылы, Байзақ ауданы, Қазақстан*

Халықты ағарту бала кезінен, мектептен басталады. Тек кітап жазуға тоқтамаған Ахмет әйгілі орыс жазушыларының шығармаларын біздің ана тілімізге аударып, оның Маяк екенін дәлелдеді. Ол халықтың білімін, сауаттылығын қалыптастыруға үлкен көмек көрсетті. Негізгі мақсаттардың бірі-халық санасында бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғырту және қалыптастыру. Ол бұл ойды ана тілінде асыл, қозғалмалы сөздермен жеткізе алды. Өлеңдерде сөздер адамның назарына, алға ұмтылуға және көшеден қалмауға деген ұмтылысты тудырды. Қазақ тілі болашақ ұрпақ үшін дамыды, ол басқа тілдерден асып түсті, тазалықты сақтауға ықпал етті. Қазіргі мектептердегі қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі.

Кезінде Ахмет Байтұрсынұлының Қазақ әліпбиін жасау, араб жазуын реформалау, қазақ тіл білімінің негізгі терминдері бейнелі ойлауда көрініс тапқаны, оларға алғашқы